

**Шемонаиха ауданының әкімдігінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 722 "Жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 сәуірдегі № 93 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 сәуірде № 3265 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 231 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 29.09.2016 № 231 қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 3 шілдедегі Заңының 1-бабы, 34-тармағына сәйкес Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шемонаиха ауданының әкімдігінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 722 "Жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2685 тіркелген, "Уба-информ" газетінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 41 санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспесінде:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына" сөздері алынсын.

2. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары О.А. Булавкинаға жүктелсін.

*Шемонаиха ауданының әкімі*

*А.Токтаров*

